

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D020200- Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Сембаева Жансая Сембайқызының «Орталық Азияны біріктіру перспективасында Қазақстан - Өзбекстан ынтымақтастығы» атты диссертациясына

## ШҚІР

Сембаева Жансая Сембайқызының «Орталық Азияны біріктіру перспективасында Қазақстан - Өзбекстан ынтымақтастығы» атты диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы пәнаралық контексте қаралады: халықаралық қатынастар, әлемдік саясат, саясаттану, саяси демография және тағы басқалары. Жаңа теориялар мен тұжырымдар, тәсілдер қолданылған: реляциялық байланыс, неоеуразиялық, Қазақстан анклавтары, (теңізге жолдың ашықтығы мен жабықтығы), мемлекеттің икемділік теориясы мен саяси элита, ұрпақтардың ауысуы және т.б.

Диссертациялық жұмыста зерттеудің өзектілігі, оның мақсаттары мен міндеттері, зерттеу объектісі мен пәні, ғылыми зерттеудің теориялық және қолданбалы әдістерін қолдана отырып, зерттеу әдістемесі мен әдістері көрініс тапты. Жұмыстың ғылыми зерттелу деңгейі, дереккөздік базасы және зерттеудің ғылыми жаңалығы жүйелі түрде жазылған.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығында келесідей оң нәтижелері көрсетілген:

- Қазақстан және Өзбекстан, жалпы Орталық Азияны зерттеудің теория-әдіснамалық тәсілдері анықталған;
- Орталық Азияны зерттеудің әдістері мен әдіснамасына талдау жүргізу негізінде шетелдік сарапшыларға баға берілген;
- Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық, аймақтық ұйымдарға мүшелік етуінің тиімділігі зерттелген;
- Орталық Азиялық консолидацияның үлгісі ретінде Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық ынтымақтастығының және экономикалық дамуының мәні негізделген;
- Көпәспектiлi сауалнаманың нәтижесінде Орталық Азияның консолидациялық үдерістеріне сипаттама берілген;
- Қазақстан мен Өзбекстанның ынтымақтастығы негізінде 10 элементтен тұратын Орталық Азияның консолидациясының теориялық моделі жасалынған.

Зерттеу жұмысы жоғары ғылыми-теориялық деңгеймен, эмпирикалық материалды жүйелі талдаумен сипатталады және ізденушімен дербес түрде жазылған.



Қазіргі заманғы сын-қатерлер, геосаяси және геоэкономикалық өлшемдер саяси ғылымдардың өз әдіснамасын түсінудің жаңа сапалы деңгейіне шығарады, бұл зерттеу әдіснамасын толығырақ ұсыну қажеттілігін тудырады. Бұл ескерту кеңестік сипатта болады және диссертациялық зерттеудің ғылыми деңгейін төмендетпейді.

Бұл диссертациялық зерттеу жұмысының маңызды факторының бірі қазіргі уақытта жүзеге асыруды қалайтын Орталық Азия мемлекеттерінің екі жақты өзара іс-қимылын зерттеу тұрғысынан оның перспективалық бағыты болып табылады. Орталық Азияның консолидациясы аясында, мысалы: Қазақстан-Тәжікстан, Өзбекстан – Қырғызстан және т.б.

Қорытындыда зерттеудің қойылған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін ғылыми негізделген тұжырымдар бар. Ж.С. Сембаеваның диссертациялық зерттеу жұмысы өзекті мәселені шешуге бағытталған және аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Бұл зерттеу логикалық түрде жазылған, алынған ғылыми нәтижелер негізделген, ішкі өзара байланысты және мақсаттар мен міндеттерге толықтай жауап береді.

Сембаева Жансая Сембайқызының «Орталық Азияны біріктіру перспективасында Қазақстан - Өзбекстан ынтымақтастығы» атты диссертациясы жоғарыда аталып өткен сипаттаманы негізге ала отырып «Ғылыми дәрежелерді беру ережелеріне» сәйкестігін растай отырып, «6D020200- Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін лайық деп санаймын.

**Пікір беруші:**

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
халықаралық қатынастар және  
әлемдік экономика кафедрасының  
PhD докторы**



**Сарыбаев М.С.**

**Тел: +7 747 247 09 84**

**E-mail: msarybayev@kaznu.kz**